

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 және "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулыларына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 212 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

15-тармақтың 49-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"49-1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 132-2) тармақшамен толықтырылсын:

"132-2) ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов